

САРҮАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 26 СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 26 сессиясы өтті. Сессия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Мейманбаев, қала, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1.Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №17-117-VII «2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;

2.Сарыағаш аудандық учаскелік сайлау комиссияларының кейбір мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ғ.Мейманбаев қысқаша баяндама жасап, 2022-2024 жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттеріне өзгеріс бірауыздан қабылданды.

Екінші мәселе бойынша аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы М.Қалдарбеков баяндама жасап мәслихат депутаттары шешім қабылдады.